

**Байғанин аудандық мәслихатының
2016 жылғы 29 ақпандағы №214
«Байғанин ауданында әлеуметтік көмек
көрсету, мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4821 санымен тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

«1. Жалпы ережелер» тарауында:

7 тармақта:

«Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі» сөздері алып тасталсын;

«2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» тарауында:

8 тармақта:

3) тармақшасында:

«және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алатындарға» сөздері алып тасталсын;

12 тармақта:

7) тармақша алып тасталсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

«КЕЛІСІЛДІ»

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы

_____Қ.Утаров